


Теруге 22.06.2015 ж. жіберілді. Басуға 29.06.2015 ж. қол қойылды.
Форматы 70х100 1/16. Кітап-журнал қағазы.
Көлемі шартты 13,4 б.т. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген А. Елемесқызы
Корректорлар: А. Елемесқызы, Ә. Р. Омарова
Тапсырыс № 2517

Сдано в набор 22.06.2015 г. Подписано в печать 29.06.2015 г.
Формат 70х100 1/16. Бумага книжно-журнальная.
Объем 13,4 ч.-изд. л. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка А. Елемесқызы
Корректоры: А. Елемесқызы, А. Р. Омарова
Заказ № 2517

«КЕРЕКУ» баспасы
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
E-mail: kereky@mail.ru

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік
университетінің ғылыми журналы
Научный журнал Павлодарского государственного
университета имени С. Торайғырова

1997 ж. құрылған
Основан в 1997 г.



ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ

2 2015

Научный журнал Павлодарского государственного университета
имени С. Торайгырова

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14210-Ж

выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия

Республики Казахстан

4 марта 2014 года

Зейнуллина А.Ф., к.ф.н., доцент (и.о. главного редактора)
Демесинова Г.Х., к.ф.н., доцент (и.о. зам. гл. редактора)
Азылбекова Г.О., магистр лингвистики (отв. секретарь)

Редакционная коллегия:

Бришын В. М., д.ф.н., профессор (Украина);
Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор;
Жусип К. П., д.ф.н., профессор;
Жусупов Н. К., д.ф.н., профессор;
Казиминова И. А., ст. науч. сотр. Института украинского языка
НАН, Украина;
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия);
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Россия);
Ыскак Д., д.ф.н., профессор;
Хасанулы Б., д.ф.н., профессор;
Нургожина Б. В. (тех. редактор).

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели.

Мнение авторов публикаций не всегда совпадает с мнением редакции.

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов.

Рукописи и диски не возвращаются.

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна.

МАЗМҰНЫ**Акимбекова Г. Ш., Солтанбекова Ф. Ә.**Қала тіліндегі лингвистикалық элементтердің бірі
эмпоронимияның көрінісі9**Ақыш А. Н.**«Абай жолы» роман-эпопеясын орысшаға аудару барысындағы
М.Әуезовтің көркемдік ұстанымы18**Андрющенко О. К.**

«Медиатекст» және «медиадискурс: ұғымдардың өзара байланысы25

Апеева Г. С.Абайдың ақын шәкірттерінің поэмаларындағы
ортақ поэтикалық ернектер32**Әбдіқалық К. С., Әділбекова Л. М.**

М.Жұмабаев өлеңдеріндегі мәтіндік өзгерістер39

Әділбекова Л. М., Әбдіқалық К. С.

Ж.Аймауытовтың әдеби-сын пікірлері43

Бейсенова Г.Аудармадағы лексика-грамматикалық трансформациялар
(Ө. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясы негізінде)48**Бектемирова С. Б., Арсланбаев А.**

Компьютерлік лексикография: электронды сөздіктердің типтері54

Бисмильдина Д. Д.

Мемлекеттік тіл мәртебесі61

Досанова А. Ж., Тлегенова К. А., Айтқұлова Т. Н.Махмұт Қашқаридың «Диуани Лұғат Ат-түрік» еңбегіндегі тәлім-тәрбие
мәселелері70**Ержанова С. Б., Жаңалық С. Ж.**Бексұлтан Нұржекеұлының «күтумен кешкен ғұмыр» романындағы
кейіпкерлер болмысы76**Жанұзақова Қ. Т.**Қазақ әдебиеттануындағы герменевтика және шығарманы қабылдау мен
пайымдау81**Жанұзақова Қ. Т., Дүйсекеева Б.**

Қазіргі қазақ әдебиеті дамуының жаңа бағыттары87

Жанұзақова Қ. Т., Панзабек Б.

М. Жұмабаевтың «шолпанның күнәсі» әңгімесінің поэтикасы94

Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы «гүл», «бұлбұл»,
«базар» ұғымдары102**Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н., Аяпбергенова М.**М. Ж. Көпеевтің туған жер тақырыбындағы өлеңдерінің
көркемдік ерекшелігі110**Иманбердиева С. Қ.**

«Жаратушы» теонимінің концептілік белгісі116

Карипжанова Г. Т., Абиқенова Г. Т., Абзұлдинова Г. К.	
Көркем мәтінге лингвостилистикалық талдау жасау жолдары	123
Қарағойшиева Д. А., Бектемірова С. Б., Исакова Г. Н.	
Қазақ тілінің хабарлы сөйленімдеріндегі тоналды акценттің зерттелуі (Прагматикалық бағдарламасы бойынша)	129
Маслова В. А.	
Когнитивтік лингвистиканың кеңіс одағынан кейінгі кеңістікте дамуы	137
Мәмбетова М. Қ., Бисенбай А. М.	
Қазіргі автокөлік бөлшек атауларының сөздік қордағы орны	149
Муталиева Р. М., Оразбек М. С.	
Ғ. Мұстафиннің «қарағанды» романына бүгінгі көзқарас	155
Муталиева Р. М., Оразбек М. С.	
Ж. Аймауытовтың «күнікейдің жазығы» повесінің шешімі туралы	159
Насыритдинова Ә. Н.	
Техникалық терминжасамдағы сөз таптарының орны	164
Нестерик Э. В., Беликова О. В., Махметова А. Т.	
ХІХ-ХХ ғғ. көркем әдебиеттегі жыныстардың өзара қатынасын білдіретін эвфемизмдердің қызметінің ерекшеліктері	170
Нұрханова А. М.	
«Ұрын бару» лингвомәдениеттік концептіні когнитивті-пропозиционалды анализ тәсілі арқылы талдау	177
Ожекенева Б.	
Қазақ күнтізбесіне байланысты терминдердің ағылшын тіліне аударылу мәселелері	183
Өтемісова Г. Ж.	
Уәж және уәжділік теориясы: шығарма тіліндегі көнерген аталымдарға қатысы (Нұртуған шығармалары бойынша)	188
Пименова М. В.	
Метафордың мәдениет коды мен өрнегі	194
Пименова М. В.	
Антропоморфия мәдениет коды	201
Рахимжанов К. Х., Ақошева М. К.	
Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романы туралы	207
Сармекенова Ә. М.	
Калькалау – медицинадағы терминжасаудың тиімді тәсілі	211
Таусогарова А. Қ.	
Бүркеншік есімді мәтіндердің авторын анықтаудағы лингвистикалық өлшемдер	217
Теркулов В. И.	
СГз жасауда модификацияның ізгеруі	225
Хаирова Г. М., Айтпаева А. С., Григорьева И. В.	
Орыс-қазақ сөздіктердегі эмотивтік етістіктердің лексикографиялық сипаттамасы	231
Авторлар үшін ереже	237

СОДЕРЖАНИЕ

Акимбекова Г. Ш., Солтанбекова Г. А.

Отражение эмпоронимии в языке города как один из лингвистических элементов9

Ақыш А. Н.

О художественном стиле М. Ауэзова при переводе романа-эпопеи «Путь Абая»18

Андрющенко О. К.

«Медиатекст» и «медиадискурс: взаимосвязь понятий»25

Апеева Г. С.

Созвучие поэтических фигур в поэмах поэтов - последователей Абая32

Абдикалык К. С., Адылбекова Л. М.

Текстовые различия стихотворений М. Жумабаева39

Адылбекова Л. М., Абдикалык К. С.

Литературно-критические мысли Ж. Аймауытова43

Бейсенова Г.

Лексико-грамматические трансформации в переводе (на основе трилогии А. Нурпеисова «Кровь и пот»)48

Бектемирова С. Б., Арсланбаев А.

Компьютерная лексикография: типы электронных словарей54

Бисмильдина Д. Д.

Статус государственного языка61

Борибаева Г. А., Медетбекова П. Т.

Нынешнее состояние исследования топонимики в Казахстане64

Досанова А. Ж., Тлегенова К. А., Айткулова Т. Н.

Проблемы воспитания в труде Махмута Кашкари «Диуани луғат ат-түрк»70

Ержанова С. Б., Жаңалық С. Ж.

Натура персонажей в романе Бексултана Нуржекеулы «Жизнь, проведенная в ожидании»76

Жанузакова К. Т.

Герменевтика в казахском литературоведении и восприятие литературного произведения81

Жанузакова К. Т., Дуйсекеева Б.

Основные тенденции развития современной казахской литературы87

Жанузакова К. Т., Панзабек Б.

Поэтика рассказа Мағжана Жумабаева «Грех Шолпан»94

Жусупов Н. К., Баратова М. Н.

Понятие «цветок», «соловей», «базар» в стихотворениях Машхура Жусипа102

Жусупов Н. К., Баратова М. Н., Аяпбергенова М.

Художественная особенность в стихах М. Ж. Копеева на тему родина110

Иманбердиева С. Қ.

«Жаратушы» теонимінің концептілік белгісі116

Karagoishieva D. A., Bektemirova S. B., Iskakova G. N. Investigation of the pitch accent of declarative statements of kazakh language	129
Maslova V. A. Cognitive linguistics development in post-soviet times	137
Mambetova M. K., Bissenbay A. M. The role of modern names of autoparts in lexical resource	149
Mutalyeva R. M., Orazbek M. S. The modern view to the novel of G. Mustafin «Karaganda»	155
Mutalyeva R. M., Orazbek M. S. About the roundabout in the story of Zh. Aymaulytov "Misdemeanor of Kunikey"	159
Nassyritdinova A. N. The role of studying part of speech in technical terminologies formation	164
Nesterik E. V., Belikova O. V., Makhmetova A. T. Specificity of functioning of euphemisms denoting gender relations in literature of the XIX-XX centuries	170
Nurhanova A. M. Linguocultural analysis of the concept «first visit to the house of the bride groom» by cognitive-propositional analysis	177
Ozhekenova B. Problems of translation of terms of the Kazakh calendar into English language	183
Utemisova G. J. Motives and motivation theory: obsolescent names in relation to the language of creative works (based on creative works of Nurtugan)	188
Pimenova M. V. Cultural code and model metaphors	194
Pimenova M. V. Anthropomorphic culture code	201
Rakhimzhanov K. Kh., Akosheva M. K. About the novel Jusipbek Aimaulytov «Қартқозха»	207
Sarmekenova A. M. Tracing - an effective method of drawing up the terms in medicine	211
Tausogarova Aiauzhan Kairatovna Linguistic criteria in formation of author attribution of texts under pseudonyms	217
Terkulov V. I. On variety of modification word formation	225
Khairova G. M., Aitpayeva A. S., Grigorjeva I. V. The lexicographic description of emotive verbs in the Russian-Kazakh dictionaries	231
Rules for authors	237

С. Б. Бектемирова¹, А. Арсланбаев²

¹ф.ғ.к., доцент, ²2-курс магистранты, жалпы тіл білі және шетел филологиясы кафедрасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

КОМПЬЮТЕРЛІК ЛЕКСИКОГРАФИЯ: ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗДІКТЕРДІҢ ТИПТЕРІ

Мақалада лексикография – әртүрлі кезеңдерде жасалған сөздіктердің тарихын анықтап, ондағы атауларға тілдік талдау жасайды әрі сөздік жасау тәжірибелерін қорытындылап, олардың жасалу жүйесін негіздейді, сөздік жасау ісін бірізге салуға бағыттайды. Лексикография мәселесі тек қана сөздіктердің тізбесі ретінде ғана таныла алмайды. Сөздікке енген атаулар, ең алдымен, әр кездегі халықтың әдет-ғұрпы мен дүниетанымынан сыр шертетін жәдігерліктер ретінде танылады. Өйткені әр атаудың, әсіресе фразеологиялық бірліктерде, мақал-мәтелдерде, этнографиялық атаулардың ішкі мағыналық құрылымында халықтың дүниетаным көріністері, ұлттық дәстүр іздері жақсы сақталады. Лексикография – лингвомәдени тұрғыдан, тілдік таным тұрғысынан, тіл-тілдегі тілдік бірліктердің когнитологиялық қырын сыпаттауға да мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: компьютер, лексикография, сөздік, тип, электронды сөздік

Сөздіктердің типтері әртүрлі. Лексикография нысанды нақты сипаттаудан яғни тілдің күрделілігімен және көпаспектілілігімен түсіндіріледі. Тіл туралы әртүрлі ақпаратты алуда сөздіктерді күрделілендіреді және кеңейтеді. Тіл туралы барлық ақпаратты бір сөздікте беру мүмкін емес. Сол себепті де кез келген ұлттық лексикографиялардан әртүрлі типтегі ондаған, тіпті жүздеген сөздік таба аламыз.

Классификаторлардың айтуы бойынша сөздіктерді типтерге бөлу әртүрлі негіздерге байланысты болады: *сөздіктің мақсатына; көлеміне; ондағы сөздердің орналасу тәртібіне; сипаттау нысанына және т.б.* Көрсетілгендердің көбі бір-біріне тәуелді, бір типті сөздікте қатар кездеседі, ал кейбіреулері өзгеше типті сөздіктің негізі ретінде алынады. Аударма, түсіндірме, диалектілік және аймақтық сөздіктер, сондай-ақ, сленгтік, тарихи, жаңа сөздер, этимологиялық, қанатты сөздер және т.б. арналған сөздіктер болады. Тіл туралы ғылымда сөздіктердің жалпыға ортақ типологиясының жоқ екендігін айта кету керек, дегенмен, сөздіктер типологиясын жасауға

Л.В. Щерба, П.Н. Денисов, Б. Кемада, Я. Малкил, Л. Згуста және т.б. секілді ғалымдар тырысып көрді [1].

Біріншіден, лингвистикалық және лингвистикалық емес сөздіктерді ажырата білу керек. Алғашқысы қандай да бір бағыт бойынша тілдің лексикалық бірліктерін (сөздер және фраземалар) жинайды әрі сипаттайды. Лингвистикалық сөздіктердің ерекше кіші типі идеографиялық сөздіктер деп аталады, ол ұғымнан (идеядан) бастап, сөздегі және сөз тіркесіндегі сол ұғымның көрінуіне дейін зерттейді. Лингвистикалық емес сөздіктерде лексикалық бірліктер (жөкелей алғанда терминдер, дара және күрделі сөздер, жалқы есімдер) тілден тыс шындықтағы заттар мен құбылыстар туралы қандай да бір мәлімет берудің бастауы ретінде қызмет атқарады. Сөздіктердің аралық түрлері де кездеседі. Кез келген сөздік жалпы және арнайы болуы мүмкін.

Лингвистикалық сөздіктерге түсіндірме және аударма сөздіктер жатады, олар жалпы халықтық қолданыста бар барлық лексиканы қандай да бір деңгейде қамтиды. Арнайы лингвистикалық сөздік кейде кен (мысалы, фразеологиялық сөздік, шет тілдер сөздігі), кейде тар (мысалы, жаңа туылған нәрестелерге берілетін жалқы есімдер сөздігі) лексиканың саласын қамтиды.

Лингвистикалық емес сөздік – жалпы энциклопедия (мысалы: ҮКЭ – Үлкен Кеңестік Энциклопедия). Арнайы лингвистикалық емес сөздік – арнайы (салалық) энциклопедия (медициналық, зангерлік және т.б.) немесе білімнің қандай да бір саласы бойынша қысқаша сөздік (негізінен – тарлау) немесе қандай да бір сала қайраткерлерінің (жазушылардың, суретшілердің) биографиялық сөздігі немесе қандай да бір елдің сөздігі («Who is who» типіндегі сөздік-анықтамалық) жатады [2].

Түсіндірме сөздіктер. Тіл көмегімен қандай да бір тілдегі сөздердің мағыналарын түсіндіруді басты міндеті санайтын сөздікті түсіндірме сөздік деп атайды. Түсіндіру концептуалды мағынаны логикалық анықтау арқылы (мысалы, шынығу – өте жоғары температураға дейін қызу; рекордшы – рекорд көрсеткен спортшы), синонимдер келтіру арқылы (беймаза – мазасыз, жабысқақ) немесе өзге сөзге грамматикалық қатысын көрсету формасында (мысалы, бұркемелеу (зат есім) – бұркемелеу және бұркемелену етістіктерімен мағыналас әрекет) беріледі. Кейбір түсіндірме сөздіктерде сөз мағыналары қажет жағдайларда суреттердің көмегімен жеткізіледі. Эмоционалды, экспрессивті және стилистикалық коннотациялар арнайы белгілердің көмегімен көрсетіледі («қолдамайтын», «жек көр», «әзіл», «ирон», «кітаби», «ауызекі» және т.б.). Жөкелеген мағыналар қажеттілікке және мүмкіндікке байланысты (сөздік көлеміне байланысты) мысалдармен көрсетіледі, мысалы, аталмыш сөз қатысатын қарапайым сөз тіркестерімен (үтік қызды, дау-дамай қызды – етістік «ушығу» ауыспалы мағынасында қолданылған) немесе (әсіресе үлкен көлемді сөздіктерде) беделді жазушылардың цитаталарымен толықтырылады. Негізінен, түсіндірме сөздіктер сөздің грамматикалық

сипатын білдіреді, арнайы белгілердің көмегімен сөз таптарын, зат есімнің грамматикалық тегін, етістік түрін және т.б. көрсетеді және қажет жағдайда аталмыш сөздің «негізгі» немесе «сөздіктік» формасынан өзге грамматикалық формаларын келтіреді. Кей жағдайда сөздің айтылуы (мысалы, орыс тіліндегі түсіндірме сөздіктерде – екпін), кейде өзге де қосымша мәліметтері беріледі.

Түсіндірме сөздіктер қазіргі әдеби тілдің сөздіктері болып табылады. Олардың кейбіреулері қатаң нормативті сипатта болады, яғни әдеби нормаға толық сай келетін фактілерді таңдайды, аталмыш фактілерді ғана дұрыс деп түсіндіреді, ауызекі сөйлеу бағытына аз да болса бұрылғандарды бөліп тастайды. Мысалы ретінде француз тілінің академиялық сөздігін «Dictionnaire de l'Académie Française» келтіре аламыз. Ал өзге түсіндірме сөздіктерінің көбі әдеби тілді кең ұғынады және сәйкесінше, ауызекі және қарапайым лексиканы (тар-облыстық, диалектілік, тар кәсіби және терең аргументікалық элементтерден өзгені) қамтиды. Аталмыш типке орыс тілінің келесі академиялық сөздіктері жатқызылады: КСРО Ғылым академиясының 17 томдық «Қазіргі әдеби орыс тілінің сөздігі» / «Словарь современного русского литературного языка» (1950-1961) және 4 томдық «Орыс тілінің сөздігі», практикалық мақсатта көп пайдаланысқа ие болған С.И. Ожеговтің бір томдық «Орыс тілінің сөздігі» «Словарь русского языка» (Н.Ю. Шведова ред. толықт. және түзет. 9-басылымы. 1972 ж.), ертеректе жарық көрген Д.Н. Ушаков ред. авторлар ұжымының «Орыс тілінің түсіндірме сөздігі» / «Толковый словарь русского языка». Орыс лексикографиясы үшін 17 томдық академиялық «Қазіргі әдеби орыс тілінің сөздігі» ерекше маңызға ие. Ол 120 мыңнан астам сөзді қамтиды. 1970 жылы Ленин премиясымен бағаланды [3].

Бірнеше рет басылған И.В. Дальдің «Тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігі» / «Толковый словарь живого великорусского языка» (4 том, бірінші басылымы 1863-1866 жж.) өзгеше сипатқа ие, ол 19 ғасыр ортасындағы облыстық және диалектілік лексиканы толық қамтиды, аталмыш лексиканы және халық сөйленістерін толық қамту тұрғысынан келгенде И.В. Дальдің сөздігіне жеткен сөздік жоқ. Ол әдеби тіл мен диалектілердің 200 мыңдай сөзін қамтиды. 1965 жылдан бастап Ф.П. Филипптің редакторлығымен «Орыс халқының сөйлеу мәнерлерінің сөздігі» / «Словарь русских народных говоров» шыға бастады. Онда 19-20 ғасырлардың барлық орыс халқының сөйлеу мәнерлерінің фразеологиясы мен диалектілік лексикасы берілді [4].

Түсіндірме сөздігінің басты міндеті:

- сөздің мағынасын және оның сөйлеу кезінде қолданылуын түсіндіру;
- дұрыс пен бұрыстың аражігін ашу;
- сөздердің тіл стилдерімен байланысын көрсету;
- оқырманға сөздің септік, тек, етіс, түр және өзге грамматикалық формаларының ерекшеліктері туралы мәлімет беру;
- сондай-ақ, сөздің жазылуы мен түсіндірілуі көрсетіледі.

Түсіндірме сөздіктер, негізінен (үнемі емес), *нормативті* болады, яғни сөзді әдеби-тілдік нормалардың талаптарына сәйкес түсіндіреді (норма тілге қатысты қолданылады – ол әдебиеттің қатысуымен жасалады және оны қоғам сөзді сөйленісте, жазуда, айтуда және екпінмен қолдануды реттейтін міндетті ереже ретінде мойындайды). Сонымен, жоғарыда келтірілген И.В. Дальдің «Тірі ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігінен» басқа орыс тілінің түсіндірме сөздіктері нормативті болып табылады.

Аударма сөздіктер. Түсіндірме сөздіктерге көбіне екі тілді (мысалы, орыс-ағылшын, ағылшын-орыс), кейде көп тілді аударма сөздіктері қарсы қойылады. Аударма сөздіктерінде мағынаның сол тілдегі түсіндірмесі емес, сол мағынаның өзге тілдегі аудармасы беріледі, мысалы: *накалиться* – become heated, *назойливый* – importunate, troublesome. Сөздіктің өзге тілдегі мәтінді оқу (тындау) кезіндегі құрал болуға арналғандығына немесе ана тілінен өзге тілге аудару кезінде құрал ретінде қолданылатындығына байланысты оны әртүрлі құрастыру керек. Сонымен, ағылшындарға арналған орыс-ағылшын сөздігінде «оң жақтағы» мәлімет (яғни ағылшынша) орыстарға арналған орыс-ағылшын сөздігіне қарағанда аз берілуі мүмкін. Мысалы, орыстың *обращение* сөзін аудару кезінде ағылшындарға арналған сөздік мүмкін болатын барлық ағылшын эквиваленттерін (*address, appeal; conversion; treatment, circulation* және т.б.) санамалап шығуы мүмкін, өйткені ағылшын халқының өкілі аталмыш сөздер арасындағы мағыналық айырмашылықтарды біледі; ал орыстарға арналған сөздіктерде *address* және *appeal* бұл ‘обращение к ...’, *appeal* бұл ‘призыв’ мағынасындағы ‘обращение’; *conversion* бұл ‘обращение в веру’ және т.б., *treatment* бұл ‘обращение с...’, ‘обхождение с кем-либо’, ал *circulation* ‘обращение товаров, денег және т.б.’; осыған қоса, аталмыш ағылшын тіліндегі зат есімдердің қандай көмекші сөздермен қолданылатындығын, екпіннің орнын көрсетуге тура келеді, яғни *обращение* сөзімен берілген мәтінді орыс тілінен ағылшын тіліне аудару кезінде ағылшын эквиваленттерін дұрыс қолдануға көмектесетін көп түсіндірмелермен қамту керек. Ал ағылшын-орыс сөздігінде жағдай сәйкесінше өзгереді. Орыстарға арналған сөздікте орыс тіліндегі бөлік аз болады, ал ағылшындарға арналған сөздікте мағыналар мен орыс тіліндегі баламалар арасындағы айырмашылықтарды көрсетуге, оларды грамматикалық белгілермен беруге, екпінді көрсетуге және т.б. тура келеді. Сөздерді аудару үнемі қиындық туындатады, өйткені сөз мағынасының көлемі әртүрлі тілдерде бірдей болмайды, әр тілдегі ауыспалы мағына әртүрлі дамиды. [5].

Аударма сөздіктер екі тілді (орыс-француз, ағылшын-орыс және т.б.) және көп тілді болуы мүмкін. Соңғысына 1902 жылы жарық көрген ағайынды А. Попов пен В. Поповтың құрастырған «Жеті тілдегі сөздік (француз-неміс-ағылшын-итальян-испан-португал-голланд-орыс)» / «Словарь на семи языках (французско-немецко-английско-итальянско-испанско-португальско-

голландско-русский» жатады. Аталмыш сөздіктердің теориялық және практикалық маңызы зор емес. Салалық терминологияның бірнеше тілдегі аудармасын беретін көптілді арнайы сөздіктер айтарлықтай маңызды. мысалы, 1881 жылы жарық көрген «Орыс-ағылшын-француз-итальян-дат және норвеж-латыш тілдерінің қалта теңіз сөздігі» / «Карманный русско-английско-французско-итальянско-датский и норвежско-латышский морской словарь». Соңғы жылдары ең жиі қолданылатын сөздер мен сөйленістерді қамтитын көп тілді қысқа сөздіктер кең тарай бастады. Мысал ретінде 1961 жылы София қаласында жарық көрген «Славян тілашарын» / «Славянский разговорник» келтіре аламыз. Онда орыс, сербхорват, болгар, поляк және чех тілдеріндегі сәлемдесу («Здравствуйте!» және т.б.), ескерту («Берегитесь!» және т.б.) сөздері, қонаққа барғандағы, дүкендегі, поштадағы және т.б. тұрмыстық тақырыптардағы әңгімелерге арналған сөздер берілген. Көп тілді сөздіктердің әртүрлі мақсаттық ұстанымдары болуы мүмкін.

Жалпы сөздіктер қатарына тілдегі барлық лексиканы арнайы бағыт бойынша қарастыратын сөздіктер жатады. Сөздерді құрамдас элементтерге бөліп көрсететін, яғни сөздің морфологиялық құрамы туралы анықтама беретін *сөз құраушы* (деривациялық) сөздіктер де осындай. Мысалы, З.А. Потеханын «Мектеп сөз құраушы сөздігі» / «Школьный словообразовательный словарь» (1964 ж.). Әрі қарай сөздердің шығу тегі және алғашқы мотивировкасы туралы мәліметтерді қамтитын (бір тілдің немесе туыстас тілдер тобының) *этимологиялық сөздіктер*. Қысқа этимологиялық сөздіктер әр сөзге автор шынайы деп таныған бір этимологиядан келтірумен шектеледі. Ірі және көрнекті сөздіктерде, негізінен, туыстас тілдердегі сәйкестіктер келтіріледі және «контроверзілер» яғни қандай да бір сөзге қатысты ғалымдар арасындағы дау-дамай туралы айтылады, ұсынылған болжамдардың қысқаша салыстырулары және олардың сыни бағалары беріледі. Этимологиялық сөздіктерге этимологиялары түсініксіз (бұл жағдайларда «түсініксіз» деп көрсетіледі) сөздер де енеді. Мотивировкалары анық туынды және күрделі сөздер этимологиялық сөздікке мүлде енгізілмейді, әлде негізгі сөздің сөз құраушы белсенділігін көрсету мақсатында немесе туынды сөзде негізгі сөз жоғалтқан ескі мағыналармен байланыс көрсетілген жағдайда санамаланады. Этимологиялық сөздіктердің мысалы ретінде А. Преображенскийдің «Орыс тілінің этимологиялық сөздігін» / «Этимологический словарь русского языка», 1966 жылдан бері орысша аудармамен шыға бастаған М. Фасмердің «Russisches etymologisches Wörterbuch» келтіруге болады. Практикалық мақсатта 1961 жылы жарық көрген Н.М. Шанскийдің, В.В. Ивановтың және Т.В. Шанскаяның «Орыс тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» / «Краткий этимологический словарь русского языка» пайдалы болуы мүмкін.

Этимологиялық сөздіктердің өз ішінен екі түрге бөлінетін *тарихи сөздіктерді* ажырата білу керек. Олардың кейбіреуі тілдің алғашқы жазба

тарихынан бастап бүгінге дейін (тарихи дәуірдің бір бөлігін қазірге дейінгі) әр сөздің және оның жекелеген бөліктерінің дамуын зерттеуді мақсат тұтады. Аталмыш типке мысалы ретінде ағылшын тіліндегі «Үлкен Оксфорд сөздігі», Гримм ағайындылары бастаған неміс сөздіктері және Г. Пауль сөздігі, Швед академиясының үлкен сөздігі және өзгелері келтіріледі. Тарихи сөздіктердің екінші түріне 1893-1903 жж. басылған, 1912 жылы толықтырылған филолог және этнограф И. Срезневскийдің «Көне орыс тілінің сөздігі» «Материалы для словаря древнерусского языка» (3 томдық) секілді тіл тарихының көне кезеңінің сөздіктерін және өткен дәуірде өмәр сүрген бір жазушысының сөздігін, тіпті жекелеген ескерткіштерді жатқызуға болады [6].

Тарихи сөздіктердің алғашқы нұскалары – әлілби, лексикон және мәтін жанындағы сөздіктер: сөздік мәтіннің қасына қойылады да мәтіннің сөздерінің түсіндірмелері беріледі. Тарихи сөздіктің табиғатын кезінде Л.В. Щерба төмендегідей сипаттады: «Толық мағынасында тарихи деп белгілі кезеңдегі барлық сөздердің тарихын, жаңа сөздер мен мағыналардың пайда болуын, сондай-ақ өлуін, түр өзгертуін беретін сөздік аталуы керек».

Тарихи сөздіктің тағы бір түрі – *жазушы сөздігі*.

Жазушының немесе жеке ескерткіштің сөздігі толық болуы керек. Демек:

а) аталмыш жазушының шығармаларында (сондай-ақ сақталған жазбада) қолданылған барлық сөздер қамтылуы керек;

б) осы сөздердің кездескен барлық формалары көрсетілуі қажет.

Жоғарда аталған сөздіктердің типтік катарын *диалектологиялық, жиілік, орфографиялық, орфоэпиялық, фразеологиялық* және т.б. сөздіктер толықтырды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Абрамова, Е. И. Лексикология и лексикография: лингвистические материалы: пособие для студ. Филологического фак. / Е.И. Абрамова, О.А. Фелкина. – Брест: Изд-го Брестского гос. ун-та им. А.С. Пушкина, 2003. – 79 с.

2 <http://courier.com.ru/nauka/diction1.htm#up> «Что внутри электронного словаря?».

3 Мадиева, Г. Б., Бектемирова, С. Б., Күзембекова, Ж. Ж. Лингвистикалық зерттеулердегі компьютерлік технология. – Алматы: Қазақ университеті, 2014.

4 http://www.lingvoda.ru/transforum/articles/pdf/selegey_a1.pdf / «Электронные словари и компьютерная лексикография», Владимир Селегей, компания АBBY.

5 Савина, А., Типикина, Т. Наука и жизнь. 1999, № 9.

6 Сергеев, В. Н. Словари – наши друзья и помощники. – М.: Просвещение, 1984.

Материал 16.03.15 баспаға түсті.

С. Б. Бектемирова, А. Арсланбаев

Компьютерная лексикография: типы электронных словарей

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 16.03.15.

S. B. Bektemirova, A. Arslanbayev

Computer lexicography: the types of electronic dictionaries

al-Farabi KazNU.

Material received on 16.03.15.

В данной статье рассматривается лексикография, как наука, которая определяет историю словарей, созданных в разные периоды, делает лингвистический анализ на наименованиях в них, изучает систему создания словарей и систематизирует формирования слов. Проблема лексикографии не представляет только перечень словарей. Новые внесенные в словарь слова, прежде всего, наследия о традициях и мировоззрении народа разного периода. Потому что, в каждом слове, особенно в фразеологических единицах, пословицах, в содержательной структуре этнографических наименований сохраняются народные мировоззрения, следы национальной традиции. Лексикография дает возможность описать когнитивную сторону языковых единиц разных языков с точки зрения лингвокультурологии, языкового познания.

In the article lexicography as a science which defines the history of the dictionaries created during different periods, makes a linguistic analysis on the words in them, studies the system of creation of dictionaries and systematizes formations of words is considered. The problem of lexicography isn't just the list of dictionaries. The new words entered the dictionary are, first of all, heritages about traditions and outlook of the people living in different period. Because, in each word, especially in phraseological units, proverbs, in substantial structure of ethnographic words national outlooks, traces of national tradition are given. The lexicography gives the chance to describe the cognitive point of language units of different languages with from the point of view of linguocultural studies, language knowledge.

The aspects of linguistic analysis of artistic text are determined in the article. Examples of обоснующие means of expressiveness are made that serve for determination to the лингвопоэтической function, way of their education, analysis of language units of стилистической function through the language of artistic work for determination of features of originality of компоновки since a voice layer to texts.

ӘОЖ 81'34

Д. А. Қарағойшиева¹, С. Б. Бектемірова², Г. Н. Искакова³

¹PhD докторы, ²ф.ғ.к., доцент, ³аға оқытушы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жалпы тіл білі және шетел филологиясы кафедрасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕНІМДЕРІНДЕГІ ТОНАЛДЫ АКЦЕНТТІҢ ЗЕРТТЕЛУІ (PRAAT ФОНЕТИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША)

Мақалада қазақ тіліндегі дайындықсыз жазылған сөйлемістердің тоналды акцентті қарастырылған. Мақала аясында сөйлемістердің интонациялық контурларындағы негізгі тонның жиілігіне жасалынған фонетикалық талдау сипатталған. Қазақ тілінің интонациясын зерттеуге алғаш рет сойлеу сигналдарын өңдеуге, талдауға арналған Praat атты компьютерлік бағдарлама қолданылған. Praat бағдарламасын қолдана отырып, дикторларға дайындықсыз берілген хабарлы сөйлемдері жазылды, хабарлы сөйлемдерінің тоналды акценттің интервал көлемі, атапмыш тоналды акценттегі негізгі тон түрлері анықталды. Бұл бағдарламаны сегменттік және суперсегменттік деңгейдегі кез келген тілдердің дыбыстық жүйесін зерттеуге пайдалануға болады.

Түйін сөздер: тоналды акцент, интонация, компьютерлік бағдарлама, сөйлем, фонетикалық талдау

Қазіргі таңда қазақстандық және шетелдік тіл білімінде интонацияның табиғатын анықтауға арналған теориялық материалдар баршылық екені бәрімізге белгілі. Осы құбылысты зерттеу барысында интонацияның кең және тар мағынада қолданыс табылған екі түрлі түсініктемесі анықталды, атап айтсақ, кең (кешенді, көпкомпонентті) мағынада интонация гетерогенді просодикалық құбылыстардың (интонемалардың) комбинациясы ретінде анықталды, яғни әр параметрдің өзіндік бірліктері мен мағыналары бар

(тонемалар, хронемалар, акцентемалар және т.б.) просодикалық құбылыстарға негізгі тон, темп, түйіскен жер типтері, интенсивтілік, ритмикалық құрылымдарды жатқызады. Бұл бағыттың өкілдері: А.А. Абдуазизов, В.А. Артемов, Ш. Атепов, З.М. Базарбаева, И.А. Баймуратова, В.А. Богородицкий, В.А. Васильев, Д. Джоунз, В.Н. Всеволодский-Герингросс, Ж.К. Калиев, М.Г. Каспарова и Ж.А. Аралбаев, Т. Кеншинбаев, Дж. О'Коннор, Д. Кристал, Б.К. Мурзалина, А.Н. Нурмаханова, А.М. Пешковский, Г.П. Торсуев, Н.У. Туркбенаев, Ж.М. Утесбаева, А.М. Фазылжанова, Л.К. Цеplitис және т.б.. Тар мағынада, интонация – бұл тек тонемалардан тұратын мелодика, яғни К. Жұбанов, А. Хасенов, Р. Сыздық айтқандай айтылу/ дауыс/сөз сазы және қазіргі кезде жиі пайдаланып жүрген әуен деген атау да осы құбылысқа сай келетінін баса айтпақпыз. Осы пікірді ұстанған ғалымдар мыналар: С. Аманжолов, Л. Армстронг, А. Байтұрсынов, М. Балакаев, Н.А. Баскаков, Д. Болинджер, К. Жубанов, А. Жунисбек, С.К. Кенесбаев, С.В. Кодзасов, М.И. Матусевич, К. Пайк, Г.Е. Палмер, С. Оде, И. Уорд, Л.В. Щерба және т.б..

Шетелдік еңбектерде интонацияны сипаттаудың басқа да жолдары бар. Интонация практикалық емес құбылыс ретінде танылып, оның компоненттері ретінде тек интенсивтілік, ұзақтылық және тембрді ғана жатқызған. Осындай мектептердің бірі Голланд мектебі, яғни интонацияны *сөйлеу әуені* (тоналды акцент) ретінде анықтайды [1, б. 9; 2, б. 218] және осы құбылысты сипаттауда жиі эксперименталды әдісті жүзеге асыру үшін компьютерлі бағдарламаларды қолдана отырып зерттеуде. Әуен немесе мелодика интонацияның ең маңызды компоненті ретінде танылған, себебі сөйленімнің әуендік безендірілуіндегі әртүрлілігі оның қабылдауы мен интерпретациясын анықтайды: сөйлеуші коммуникативті маңызды мәліметті жеткізу үшін сөйленімдегі керек фрагменттерді (сөздерді, синтагмаларды) бөліп көрсетеді, мысалы, тон жоғарылығын көтерілу немесе түсіру арқылы *тоналды акцентті* жүзеге асырады.

Бірінші болып *тональный акцент* терминін Д. Болинджер қолданды. сонымен тоналды акцент дегеніміз: «Егер буындағы акцент тон жоғарылығы арқылы жүзеге асса, онда тон жоғарылығы екі қызмет атқарады. Біріншіден, ол осы буындағы акцент туралы белгі береді. Екіншіден, оның жоғары, төмен немесе оның бағыттарының деңгейі әуен жасайды. Осы контурдың қозғалысы белгілі бір әуенді жүзеге асырады. С. Оде, Д. Болинджердің тоналды акцентін қарастыра отырып, мынаған зер салған: «Тоналды акценттің жүзеге асуы тек айналасындағы сөздердің ішіндегі белгілі бір маңызды сөзді бөліп көрсету ғана емес, сонымен қатар сөйлеу әуенін де жүзеге асырумен де көрінеді» [3].

С. Оде бойынша, «интонация – бұл сөйлеу ағымындағы тон жоғарылығының өзгерісі. Тон жоғарылығының вариациясы – бұл тон қозғалысы, жоғары, төмен, түзу, тон жоғарлығы диапозонындағы жоғарыға

немесе төменге секіріс, сондай да басқа тонның қолғалыстары да көрініс тапқан. Тонның белгілі бір қимылы немесе тонның конфигурациясы сөздегі буын *перцептивті проминенттілікке* ие болады. Егер проминенттілік тон жағырылығы арқылы жүзеге асырылса, онда осы буын сөз екінші бар тоналды акцентке ие болады. Сонымен айналадағы сөздермен салыстырғанда сөз *тоналды акцент* арқылы ерекше бөлініп көрсетіліп, үлкен проминенттілікке ие болады. Сөйлеуші белгілі бір сөздерде тоналды акцентті жүзеге асырып, тыңдаушыға сөздегі маңызды мәлімет ұстанған сөз туралы хабарлайды, сөздің басқа сөздермен байланысын, көңіл-күйді білдіретін сөздерді көрсетеді. Бұл қызметті тек тоналды акцент атқарады деп айта алмаймыз. Сонымен бірге басқа да просодикалық параметрлер, мысалы, интенсивтілік немесе дауыстың ұзақтылығы, сөйлеу қарқынындағы вариация мен ритмика сөзге немесе сөздер тобына проминенттілік бере алады» [4. б. 210], [5; 6].

Қазақ тілінің интонациясын зерттеуге алғаш рет сөйлеу сигналдарын өңдеуге және талдауға арналған *Praat, Doing phonetics by computer* атты компьютерлік бағдарлама қолданыс тапты. Praat бағдарламасын қолдана отырып, дикторларға алдын ала дайындалып берілген қазақ тілінің хабарлы сөйленімдері жазылды, қазақ тілінің хабарлы сөйленімдерінің интонациясы фонетикалық әдіс арқылы зерттелді. Бұл бағдарламаны сегменттік және суперсегменттік деңгейдегі кез келген тілдердің дыбыстық жүйесін зерттеуге пайдалануға болады. Сонымен қатар, осы бағдарлама көмегімен диссертациялық зерттеу негізінде дайындалған және дайындықсыз жазылған қазақ тілінің интонациялық бірлігін сипаттауға тырысты [7].

Амстердам университетінің Фонетика институтының қызметкерлері Paul Boersma и David Weenink (2006) өңдеп, ойлап тапқан. Praat бағдарламасының ыңғайлылығы ең соңғы нұсқасын интернеттен сақтап алу мүмкіндігі болып табылады (Нидерланды; www.fon.hum.uva.nl/praat). Praat бағдарламасының беретін мүмкіндіктері мынадай:

- **Praat** - сөйлеу сигналын зерттеуге, өлшеуге, модификациялауға және өңдеуге арналған, ол сонымен бірге кез келген табиғи тілдің тон жоғарылығын өлшеуге және интонациясын зерттеуге мүмкіндік береді.
- **Praat** бағдарламасын Интернеттен *тегін* сақтап алуға болады.
- **Praat** бағдарламасы компьютердің *кез келген түрінде* жұмыс істейді.
- **Praat** бағдарламасын *ғылыми* мақсатта және *оқу үдерісінде* пайдалануға болады.

Тоналды акценттердің формасын сипаттау үшін тон жоғарылығы олшеніп, акценттелген фрагментте көрініс тапқан тон қимылының ең жоғарғы және ең төменгі нүктесі арасындағы аралық көлемі анықталды. Осылай тоналды акцент бір немесе бірнеше тон қимылынан тұратындығы айқындалды.

Аралық (интервал) арақашықтығының логарифмдік шәкілдегі бірлігі ретінде «полутон» алынды (ағылшын. *semitone*, қысқартылғаны ST). Тон қозғалысы герц арқылы өлшенді; аралық көлемі полутон арқылы өлшемін тапты, себебі адамзаттың есту қабілеті тон жоғарылығын сызықты шәкілде емес, логарифмдік шәкілде қабылданады.

Сонымен, біз мелодикалық аралық арасындағы арақашықтықты полутон арқылы сипаттап, логарифмдік шәкілдегі *Praat* бағдарламасының көмегімен контурлардың суреттерін саламыз.

Әр түрлі регистрлі дикторлардың аралығын салыстыру аралықты өлшеуге арналған полутон арқылы өлшенген өлшемдер сипаттауды жеңілдетеді. Мысалы, аралық қабылдау көлемі 12 полутонға тең әйел регистрі 12 полутонға тең еркек регистріне сәйкес келеді. Ал аралық қабылдауы әйел регистріндегі (мысалы, 200-ден 300-ке дейін гц) 100 гц тең еркек регистріндегі (мысалы, 100-ден 200-ке дейін гц) аралық көлеміне сәйкес келмейді (әр түрлі шәкіл сипаттау тәжірибесінен қараныз. Оде, [5]).


Сонымен әр сөйленімге буын арасындағы арақашықтықты көрнекі көрсететін мәтінді суреттер жасалынған. Барлық сөйленімдердің мәтіндері суретке енгізілген, сондықтан әр суреттегі интонациялық контурлардың әр сөйленім сегментінің орнын анық көруге болады (қараныз. Төмендегі суреттер).

Сонымен, аталмыш бағдарлама арқылы жазылған қазақ тіліндегі хабарлы сөйленімдердің талдауын бағдарлай аласыздар. Бұл зерттеудің мақсаты - жазылған сөйленімдердегі тоналды акценттің орнын, қызметін анықтап, адресат пен адресант арасында атқарып тұрған қызметін сипаттау болып табылады.

Хабарлы сөйленімдердің кезекті талқылауына назар аударайық.

1. Нәжіммен	birge	Сәлім	келді.
näzhimmen	birge	sälīm	keldī
с Нажимом	вместе	Салим	пришел

Вместе с Нажимом пришел Салим.




1 сурет. Еркек адам айтысымындағы *Нәжіммен бірге Сәлім келді* хабарлы сөйленімі. (D6-41) еркек дауысымен айтылған хабарлы сөйленім. Жоғарғы сурет сөйленімнің осциллограммасы. Тік сызықтар буындар арасындағы шекараларды көрсетіп тұр. Төменгі суреттегі қолданылған уақыт секундпен, ал тітініс логарифмдік шәкілдегі негізгі тон жиілігі герц арқылы берілген.

D6 *Нә-жім-мен* деген сөздің соңғы буынында өрлімелі тоналды акцентті жүзеге асырды. D6 үшін *Нәжіммен бірге* Сәлім келгені маңызды.

-*Мен* буынындағы интервал жоғарылауының 155 гц-тен 201 гц-ке тең; полутонмен алғанда екі нүкте арасындағы аралық өлшемі – 5ST. Осы мысалдар өрлімелі тоналды акцент хабарлы сөйленім басынын орын алып, ал сөйленімнің өзі тқмен түсетін немесе түзу тон жоғарылығымен аяқталатынын көрсетіп тұр.

2. Нәжім	мен	Сәлім	келді.
näzhim	men	sälim	keldi
Нажим	и	Салим	пришли

Нажим и Салим пришли.



2 сурет. Әйел адам айтылымындағы *Нәжім мен Сәлім келді* хабарлы сөйленімі. (D3-42) әйел дауысымен айтылған хабарлы сөйленім. Жоғарғы сурет сөйленімнің осциллограммасы. Тік сызықтар буындар арасындағы шекараларды көрсетіп тұр. Төменгі суреттегі көлденеңнен уақыт секундпен, ал тігінен логарифмдік шәкілдегі негізгі тон жиілігі герц арқылы берілген.

Екі түрлі диктор, яғни D6 (2 сурет *Нәжіммен бірге Сәлім келді*) және D3 (3 сурет *Нәжім мен Сәлім келді*), арқылы айтылған сөйленімдердегі тоналды акценттің орындалуын салыстырайық:

– екі сөйленімде де бірдей екі ақиқат бар: *Екі адам келді*. Бірінші сөйленімде D6 тоналды акцентті *бірге* деген сөзде орындады, ол үшін Сәлім *Нәжіммен бірге* келгені аса маңызды. Екінші сөйленімде керісінше, басқа мәліметті көрсеткісі келген, яғни *Нәжім мен Сәлім келді*. Бірінші сөйленімде жасырын ақпарат бар, мүмкін Сәлім осы жерге келгісі келмегендіктен, оны Нәжім өзімен бірге ертіп келген шығар. Ал екінші сөйленімде екеуі қатар келді, бұл жерде ешқандай жасырын ақпарат жоқ, бұл жерде екі кейіпкер бір-біріне тәуелсіз, байланыс байқалмайды, айтушы екеуі де келді деген ақпарат беріп отыр. Тоналды акценттің орындалуы маңызды ақпараттың қайда екендігі жайлы хабарлап тұр десек те болады.

– екі сөйленімде де тоналды акцент *Нә-жім-мен* деген сөздің соңғы буынынан орын тапқан, *-мен* буынындағы аралықтың жоғарылауы 155 гц-тен 201 гц-ке тең; полутонмен екі нүкте арасындағы аралық олшемі – 5ST. D3-те *Нә-жім* сөзінің *- жім* буынындағы аралық жоғарылауы 209 гц-тен 309 гц-ке тең; полутонмен екі нүкте арасындағы аралық өлшемі – 7ST. Екі сөйленімнің сипаттамасы дәстүрлі қазақ тілінің хабарлы сөйленімдерінің мысалы ретінде қарастырыла алады.

– екі сөйленімде де өрлімелі тоналды акцент сөйленім басында орындалған, D6-ның орындауында ол түзу сызық болса, D3-ның орындауында оған сөйлем соңында хабарлы сөйленімдердің жалпы суреттеріне тән интонологиялық сызық төмен түскен.

Қазақ тілінің хабарлы сөйленімдеріндегі тоналды акценттерді зерттеу барысында мынадай қорытындыға келдік:

– хабарлы сөйленімнің басы өрлімелі тоналды акценттен (жіі бірінші сөздің соңғы буынында) және сөйленім соны төмен түсетін немесе түзу тон жоғарылығы арқылы жасалған;

– өрлімелі тоналды акценттің аралық өлшемі 1ST-дан 3ST-ге дейін (минималды өлшем), 4ST-ден 6ST-ге дейін (орташа өлшем), 7ST-ден 12ST-ге дейін (максималды өлшем) диапазонында байқалды. Аралық өлшемі маңызды ақпарат ұстанған тоналды акценттің орны жайлы хабарлап отырды;

– дайындықпен жазылған хабарлы сөйленімдердегі тоналды акценттерді анықтау барысында айтарлықтай маңызды ерекшеліктер байқалмады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Hart J., Collier R. & Cohen A. A perceptual study of intonation: an experimental-phonetic approach to speech melody. – Cambridge: Cambridge University Press, 1990. – 212 p.

2 Кейспер, К. О семантических основаниях описания Е.А. Брызгуновой русской интонации. – В кн.: Проблемы фонетики II. – М.: Наука, 1995. – С. 216-227.

3 Оде С. Что такое тональный акцент? // Жизнь языка и язык в жизни / Сб. статей, посвященный юбилею д.ф.н., проф. Э.Д. Сулейменовой: Сост. Н.Ж. Шаймерденова, З.К. Сабитова, О.Б. Алтынбекова, М.И. Акберди; Под общ. ред. Н.Ж. Шаймерденовой. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – С. 76-85.

4 Оде С. Экспериментально-фонетический анализ тонов в папуаском языке Мпур // Материалы Международной конференции. 100 лет Экспериментально фонетике в России. – Санкт-Петербург, 2001. – С. 137-140.

5 Оде С. Перцептивный анализ интонации. – В кн.: Проблемы фонетики. Сб. статей / Отв. ред. Т.М. Николаева. – М.: Прометей, 1993. – ч. 1. – 318 с. – С. 199-211.

6 Оде С. Russian intonation: a perceptual description // Studies in Slavic and General Linguistics 13. – Rodopi, Amsterdam, 1989. – 304 p.

7 Карагойшиева Д.А. Экспериментально-фонетический анализ интонации казахского языка. – Алматы: Copy Land, 2008. – 232 с.

Материал 29.05.15 баспаға түсті.

Д. А. Карагойшиева, С. Б. Бектемирова, Г. Н. Искакова

Исследование тонального акцента повествовательных высказываний казахского языка (при помощи фонетической программы praat)

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби. г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 29.05.15.

D. A. Karagoishieva, S. B. Bektemirova, G. N. Iskakova

Investigation of the pitch accent of declarative statements of kazakh language

Al-Farabi Kazakh national university, Almaty.
Material received on 29.05.15.

В данной статье рассматривается тональный акцент спонтанных высказываний казахского языка. В статье описывается фонетический анализ, проведенный на частотность основного тона в интонационных контурах высказываний. Для исследования интонации впервые была использована компьютерная программа Praat для анализа речевых сигналов. Используя программу Praat были записаны повествовательные высказывания, предложенные дикторам прочитать без подготовки, были определены объем интервала тонального акцента повествовательных высказываний и основные виды тона в данном тональном акценте. Эту программу можно использовать для исследования звуковой системы любого языка на сегментном и суперсегментном уровне.

In this article the pitch accent of spontaneous statements in the Kazakh language is considered. Here the phonetic analysis which is carried out on the rate of the main tone in intonational contours of statements is described. For research of intonation of the Kazakh language the computer programs such as Praat, Doing Phonetics by Computer for development and analysis of speech signals were for the first time used. Using the Praat program, the spontaneous narrative statements in the Kazakh language of the speakers the volume of an interval of pitch accent of the narrative sentences and the main types of tone in this pitch accent were determined. This program can be used to research the sound system of any language at the segment and supersegment level.